

**Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агентігімен
КЕЛІСІЛДІ**

**Басқарма Төрағасы/ Басқарма
Төрағаның орынбасары**

«__» _____ 2008 жыл

**“Kaspi Bank”
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**Акционерлердің кезектен тыс Жалпы
жиналысымен бекітілді (2008 жылғы
«26» қыркүйектегі жиналысының № 21
хаттамасы)**

**Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы**

Осы Жарғы “Kaspi Bank” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) құқықтық жағдайын, қызмет жағдайы мен қағидаттарын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында акционерлік қоғам ретінде мемлекеттік тіркелуімен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) банк операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензиясының болуымен айқындалады. Банк Акционерлік қоғам түріндегі заңды тұлға болып табылады, жеке балансы бар және толығымен шаруашылық есеп негізінде іс-әрекет етеді.

2. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасы жасасқан қолданылуға тиіс халықаралық шарттарды (келісімдерді), сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

3. Банктің меншік нысаны – жеке.

4. Банктің өз атауы көрсетілген мөрі, мөртабандары мен бланкілері бар.

5. Банктің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында көзделген филиалдар желісі мен өзге де бөлімшелері бар.

6. Банк Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен еншілес ұйымдар құруға немесе олардың болуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тысқары жерлерде де филиалдар, өкілдіктер ашуға құқылы.

7. Банк өзіне тиесілі мүлік шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

8. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

9. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құнының шегінде Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

10. Банк немесе мемлекет мұндай жауапкершілікті өз мойнына алған жағдайларды қоспағанда, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, мемлекет те Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. Банктің корпоративтік басқару кодексі бар.

2-тарау. Банктің атауы, атқарушы органының орналасқан жері

12. Банктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: “Kaspi Bank” Акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество “Kaspi Bank”;

3) ағылшын тілінде: “Kaspi Bank” Joint Stock Company.

13. Банктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: “Kaspi Bank” АҚ;

2) орыс тілінде: АО “Kaspi Bank”;

3) ағылшын тілінде: “Kaspi Bank” JSC.

14. Банктің атқарушы органының (Басқарманың) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Ә. Шәріпов к-сі, 90.

3-тарау. Банк қызметінің мақсаты мен мәні

15. Банк қызметінің негізгі мақсаты – банк қызметін көрсету арқылы кіріс алу.

16. Банк бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және талаптарда жүзеге асыруға құқылы.

17. Банк Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген өзге де қызметті Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және талаптарда жүзеге асыруға құқылы.

4-тарау. Банктің Жарғылық капиталы мен бағалы қағаздары

18. Банктің жарғылық капиталын көбейту жарияланған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

19. Банктің акциялары аукцион немесе жазылу арқылы орналастырылады. Жазылу арқылы орналастырылатын акциялар акцияны сатып алатын барлық адамдарға, сатып алудың артықшылықты құқықтарына сәйкес, акцияны сатып алатын акционерлерді қоспағанда, осы орналастыру шегінде бірдей бағамен сатылуы тиіс.

20. Акционерлер орналастыру туралы шешім қабылдаған Банк органының белгілеген орналастырудың бірдей бағасымен сатып алудың артықшылықты құқығына сәйкес акцияларды сатып алады.

21. Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Банк органының акцияларды орналастырудың осы түріне белгілеген бағасы осы акцияларды сатуға болатын ең төменгі баға болып табылады.

22. Банктің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды.

23. Банк акциялары орналастырылған кезде тек қана ақшамен төленуге тиіс.

24. Жай акция акционерге дауысқа салатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығы бар акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға, Банктің таза кірісі болғанда дивиденд алуға құқық береді, сондай-ақ Банк таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

25. Акционерлер - артықшылықты акциялардың меншік иелерінің осы Жарғыда белгіленген алдын ала айқындалған кепілдік берілген мөлшерде дивиденд алуға және Банк таратылған кезде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген тәртіппен акционерлердің - жай акциясы бар меншік иелерінің алдында оның мүлкінің бір бөлігіне артықшылықты құқығы бар.

26. Банктің артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.

27. Мына жағдайларды қоспағанда, егер:

1) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдері артықшылықты акцияға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарағанда. Осы мәселе бойынша шешім орналастырылған (сатып алынғандарды қоспағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі шектеуге дауыс берген кезде қабылданған болып саналады;

2) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарағанда;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбегенде, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысуға құқық бермейді.

28. Банк облигациялар мен бағалы қағаздардың өзге де түрлерін заңда белгіленген тәртіппен шығаруға құқылы.

29. Акционерлердің Жалпы жиналысында, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Банктің дауыс беретін акцияларының көпшілік даусымен дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған кезде Банк акциялары бойынша дивидендтер ақшамен немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді. Банк акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивиденд төлеуге тек мұндай төлем Банктің жарияланған

акцияларымен және акционердің жазбаша келісімі бар болғанда оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылған кезде жол беріледі.

30. Мына жағдайларда:

1) Банктің меншікті капиталының теріс мөлшері болғанда немесе оның акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының теріс мөлшері болғанда;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлеуге қабілетсіз немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде пайда болса, Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденд есептеуге жол берілмейді.

31. Жыл қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

32. Дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлеуді бастаған күннен бұрынғы күні жасалуы тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялап, Банктің жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

33. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу, Жарғының 29-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк органының шешімін талап етпейді.

34. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзімділігі – жылына бір рет.

35. Бір артықшылықты акцияға дивиденд мөлшері – 21,00 KZT (Жиырма бір теңге) мөлшерінде белгіленеді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтің мөлшері осы кезеңдегі Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивиденд мөлшерінен аз бола алмайды.

5-тарау. Банктің кірісі. Резервтік капитал, провизиялар (қорлар)

36. Банктің оның қызметінің нәтижесінде алған кірістері салықты және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Банктің меншігінде қалады және резервтік капиталды, Банктің өзге де қорларын толықтыруға, акциялар бойынша дивиденд төлеуге қалдырылады, сондай-ақ Банкті дамытуға және Қазақстан Республикасының заңдары мен Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға пайдаланылады.

37. Банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында Банк резервтік капиталды қалыптастырады. Резервтік капитал жай акциялар бойынша дивиденд төлегеннен кейін Банктің таза кірісі есебінен жасалады. Резервтік капитал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қалыптастырылады және пайдаланылады.

38. Банк жүргізілетін операциялардың сипаттамасы мен ауқымына сәйкес өз қызметін бақылаудың және сенімділігінің ойдағыдай деңгейін қамтамасыз ету мақсатында күмәнді және сенімсіз талаптарды атап көрсете отырып және оларға қарсы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті органдармен белгіленген тәртіппен және шарттарда провизиялар (резервтер) құра отырып, берілген несиелер мен басқа да активтерді классификациялайды.

39. Банк өз органдарының шешімдерінің негізінде мақсаты, мөлшері, қағидаттары, ұйымдасу көзі мен пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Банк органдарының шешімімен реттелетін қорлар құрылуы мүмкін.

6-тарау. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

40. Банк акционері:

1) Заңда және Банктің Жарғысында көзделген тәртіппен Банкті басқаруға

қатысуға;

- 2) дивидендтер алуға;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысында немесе Банктің Жарғысында белгіленген тәртіппен Банк қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Банк тіркеушісінен немесе номинал ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне үміткерді сайлауға ұсынуға;
- 6) Банктің органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- 7) Банкке оның қызметі жайлы жазбаша сұратулармен баруға және Банкке сұратудың түскен күнінен кейінгі отыз күн ішінде негізді жауаптар алуға;
- 8) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделгендерден басқа жағдайларда Банктің акцияларын немесе оның басқа да акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға құқылы.

41. Ірі акционер де сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оның шақыртылуы туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қосымша мәселелерді қосуды ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкте аудит жүргізуін талап етуге құқылы.

42. Банк акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде Банк тіркеушісі мен осы акционерге тиесілі акцияның номинал ұстаушысын акция ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі жайлы хабардар етуге;

3) Банк немесе оның қызметі жайлы қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

7-тарау. Банктің органдары

43. Банктің органдары мыналар:

1) жоғары органы – акционерлердің Жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – Басқарма;

4) бақылаушы органы – Ішкі аудит қызметі.

8-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы

44. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

45. Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын жылына бір рет шақырады және Басқарма орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуі тиіс.

46. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде өткізілуі тиіс.

47. Акционерлердің өзге де Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің, ірі акционердің бастамасымен шақырылады. Банк ерікті тарату процесінде тұрған жағдайда Банк

акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақыртуы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

48. Егер:

1) кворум болмауынан өткізілмей қалған акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызына иелік ететін акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе, өтпей қалғанның орнына өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

49. Акционерлердің қайта шақырылған Жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өтпей қалған) Жалпы жиналысын өткізуге белгіленген күннен кейінгі келесі күннен бұрын белгіленбейді.

50. Акционерлердің қайта шақырылған Жалпы жиналысы акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысы өтетін жерде өткізілуі тиіс.

51. Акционерлердің қайта шақырылған Жалпы жиналысының күн тәртібінің акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы керек.

52. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне мына мәселелер жатады:

1) Банктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ олардың өзгерісі;

6) есеп комиссиясының сандық құрамы мен мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері мен оны төлеу шарттарын айқындау;

8) Банкте аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;

9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

10) Есепті қаржы жылындағы Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;

11) Жарғының 30-тармағында көзделген жағдайлар орнаған кезде Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шектеулерді ескеріп, Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің өзге де заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

13) Банктің акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерді хабардар ету түрін айқындау және бұқаралық ақпарат құралдарында мұндай ақпаратты орналастыру туралы шешім қабылдау;

14) Банк акцияларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер ол акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілмесе, әдістемені бекіту);

15) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) акционерлерге Банк қызметі жайлы ақпаратты беру тәртібін, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;

17) Заңмен және осы Жарғымен олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

53. Акционерлердің Жалпы жиналысының Жарғының 52-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдері жиналыстағы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының кәсіби көпшілігімен қабылданады.

54. Заңда және Банк Жарғысында өзгеше көзделмесе, акционерлердің Жалпы жиналысының өзге де мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

55. Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелер басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Банк қызметкерлерінің құзіретіне берілмейді.

56. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің өзге органдарының Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімін бұзуға құқылы.

57. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте акционерлер немесе Банктің дауыс беретін акцияларының жиынтығында елу және одан да көп пайызын иемденуші, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізіміне қосылған акционерлердің өкілдері тіркелсе, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

58. Акционердің акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қаралып жатқан мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар. Банктің Басқарма мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде қатыса алмайды. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде іс-әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз іс-әрекет етуге немесе оның мүдделерін таныстыруға құқығы бар тұлғадан акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

59. Банктің тіркеушісі Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесі деректерінің негізінде акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін жасайды. Аталған тізім жасалатын күн акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгілене алмайды.

60. Акционерлер алдағы болатын акционерлердің Жалпы жиналысы туралы акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күннен отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етілуі тиіс.

61. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы не оларға жіберілуі тиіс. Егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарландыру акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі тиіс. Осы тармақта белгіленген мерзімді есептеу бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруды жариялаған күннен немесе оның акционерлерге жазбаша хабарлама түрінде жіберілген күннен бастап жүргізіледі. Мемлекеттік және басқа тілдердегі бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру жарияланған жағдайда осындай соңғы жариялау күнінен бастап осы тармақта белгіленген мерзім есептеледі.

62. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы Банктің хабарландыруында:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

- 3) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен өткізілетін жері, жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты, сондай-ақ біріншісі өткізілмей қалғанда өткізілетін акционерлердің қайта шақырылған Жалпы жиналысының күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасаған күн;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен акционерлерді таныстыру тәртібі болуы тиіс.

63. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен қалыптастырылады және талқылауға ұсынылатын нақты қалыптастырылған мәселелердің тізбесін қамтуы керек. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Банк акционерлері мұндай толықтырулар туралы акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілу күніне дейінгі он бес күннен кешіктірілмей немесе Жарғының 66-тармағында белгіленген тәртіппен хабардар етілген кезде ірі акционермен немесе Директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін.

64. Іштей тәртіппен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі оның күн тәртібін өзгерту бойынша қабылдаған ұсыныстары туралы хабарлауға міндетті.

65. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту акционерлердің Жалпы жиналысына келген Банктің дауыс беретін акцияларының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

66. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын және Банктің дауыс беретін акцияларының жиынтығында кемінде тоқсан бес пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көршілігі дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

67. Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған кезде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

68. Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне қосылмаған мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

69. Күн тәртібінде “әр түрлі”, “өзге”, “басқа да” және осыған ұқсас сөздерді немесе сөз тіркестерін қосқанда жалпылама тұжырымдамаларды қолдануға тыйым салынады.

70. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.

71. Банк органдарын сайлау туралы мәселелер бойынша материалдарда болжалды үміткерлер туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) фамилиясы, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкке аффилирленгені туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны мен лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

72. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қосылған жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшесіне үміткер Банктің тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табыла ма және (немесе) қай акционердің өкілі екені көрсетілуі тиіс.

73. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдарға:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудит есебі;

3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Банктің таза кірісін бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясы есебінен бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстары;

4) Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар қосылуы тиіс.

74. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілу күніне дейінгі кемінде он күн бұрын дайын болуы тиіс және Басқарманың орналасқан жерінде қолжетімді болуы тиіс, акционердің сұратуы болған кезде сұратуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығындарды акционер көтереді.

75. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын сенімхатты беруге тиіс.

76. Тіркелмеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

77. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум бар болған кезде хабарланған уақытта ашылады.

78. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп болған, хабардар етілген және акционерлердің Жалпы жиналысының ашылу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысы хабарланған уақыттан бұрын ашылмайды.

79. Акционерлердің Жалпы жиналысы төрағаны (президиумның) және акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысын сайлайды.

80. Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру түрін таңдайды – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша). Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын (президиумның) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде әр акционердің бір даусы бар, ал шешім қатысып отырғандардың көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысып отырғандардың барлығы Басқарма құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

81. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып жатқан мәселе бойынша талқылауды тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсыныс жасауға құқылы.

82. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқылы тұлғалардың шығып сөйлеуіне кедергі жасауға, мұндай шығып сөйлегендер акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелгенде немесе осы мәселе бойынша талқылау тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, құқығы жоқ.

83. Акционерлердің Жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі кейбір мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

84. Акционерлердің Жалпы жиналысы тек күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап және олар бойынша шешім қабылдап болғаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

85. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрініс тапқан мәліметтердің толықтығына және шынайылығына жауап береді.

86. Төмендегі жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру “бір акция – бір дауыс” қағидатымен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп саны шектелгенде;

- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беру;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығына ие әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір-бір дауыстан берілгенде.

87. Егер іштей тәртіппен өтіп жатқан акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру жасырын дауыс беру тәсілімен жүзеге асатын болса, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы тармақта – іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) жасырын дауыс беру тәсілімен жүзеге асатын әрбір жеке мәселе бойынша дауыс берілуі тиіс. Бұд кезде іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) жиналыстың күн тәртібіндегі мәселенің тұжырымдамасы немесе оның реттік нөмірі;
- 2) мәселе бойынша “жақтаушылар”, “қарсылар”, “қалыс қалғандар” сөздерімен білдірілетін дауыс беру нұсқалары немесе Банк органдарына әрбір үміткер бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) акционерге тиесілі дауыс саны болуға тиіс.

88. Акционер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Банктен оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап ету мақсатында бюллетеньге қол қоюға өзі ниет білдірген жағдайларды қоспағанда, акционер іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

89. Іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде бюллетеньдегі анықталған дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

90. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) не акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

91. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде бірдей үлгідегі бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

92. Банк Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру нәтижесіне ықпал жасау мақсатында жеке акционерлерге дауыс беруге арналған бюллетеньдерді іріктеп жіберуге құқығы жоқ.

93. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне кірген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі бес күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер мазмұнының, оны безендендіру, қол қою талаптары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

94. Егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесі мүшелерін таңдау мәселесі қаралатын болса, сырттай дауыс беру бюллетенінде жеке үміткерлерге берілген дауыс саны көрсетілетін жолақ болуы қажет.

95. Бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтаған және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санаған кезде есепке алынбайды.

96. Сырттау дауыс беруді өткізгенде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптар сақталуы тиіс.

97. Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жасалуы және оған қол қойылуы тиіс.

98. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері) мен хатшысы;
- 2) есептеу комиссиясының мүшелері;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан және Банктің дауыс беретін

акцияларының он және одан да көп пайызына ие акционерлер қол қоюға тиіс.

99. Хаттамаға қол қоюға тиіс тұлғаның оған қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда хаттамаға оның өкілі өзіне берілген сенімхаттың негізінде қол қояды.

100. Жарғының 98-тармағында аталған тұлғалардың қайсыбіреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда бұл тұлға оған қол қоюдан бас тартудың себебін жазбаша түрде бере отырып бас тартуға құқылы, бас тарту хаттамаға тіркелуі тиіс.

101. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс берудің қорытындыларының хаттамасымен, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тартуының себептерінің жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

9- тарау. Директорлар кеңесі

102. Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

103. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі мыналардың қатарынан сайланады:

- 1) акционер – жеке тұлғалар;
- 2) акционерлердің мүддесінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
- 3) басқа тұлғалар (Жарғының 105-тармағында белгіленген шектеулер ескеріліп).

104. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша толығымен бір үміткерге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткерлер арасында бөлуге құқылы. Көпшілік дауыс жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп үміткерлер бірдей дауыс жинаса, осы үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

105. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің мүдделерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің елу пайызынан аспауы керек.

106. Басқарма мүшелері, оның Төрағасынан басқалары, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағалығына сайлана алмайды.

107. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан тұруы тиіс. Банктің Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс.

108. Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылған (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Банктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшері мен еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

9) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы төлеу мөлшері мен талаптарын айқындау;

10) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақының төлеу талаптарын айқындау;

11) Аудиторлық ұйымның қызметінің, сондай-ақ ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының ақысының мөлшерін айқындау;

12) Банктің ішкі қызметін реттеп отыратын құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарманың қабылдайтын құжаттарын қоспағанда), соның ішінде аукцион өткізу және Банктің бағалы қағаздарына жазылу тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережені бекіту;

14) Банктің басқа да заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлесімен) он және одан да көп пайызын сатып алу туралы шешімдер қабылдау;

15) Банк міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;

16) Банктің бұрынғы тіркеушісімен жасалған шартты бұзған жағдайда Банк тіркеушісін сайлау;

17) Банк туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын ақпаратты айқындау;

18) Ірі мәмілелерді және оларды жасасуға Банк қызығушылық танытқан мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылмайтын, Заңда және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

109. Тізбесі Жарғының 108-тармағында белгіленген мәселелер шешілу үшін Басқармаға берілмейді.

110. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзіретіне берілген мәселелер бойынша шешімдерді, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдай алмайды.

111. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шектеусіз бірнеше рет қайта сайлана алады.

112. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлайтын акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген сәтте Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталады.

113. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

114. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі оның бастамасымен Директорлар кеңесін жазбаша түрде хабардар ету негізінде мерзімінен бұрын бұзылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің аталған хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады.

115. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушылардың кумулятивтік дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады, бұл кезде жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттігінің мерзімі өткеннен бастап Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі аяқталады.

116. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

117. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда айқындалған өзге де қызметті жүзеге асырады.

118. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

119. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасымен немесе мыналардың:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

120. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасына беріледі.

121. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Басқармаға баруға құқылы. Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

122. Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің отырысын шақыруы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты берген тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.

123. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кемінде жартысынан тұратын кворум болуы тиіс.

124. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жеткіліксіз болған жағдайда Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек қана акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

125. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болғанда Директорлар кеңесінің Төрағасының немесе Директорлар кеңесінде төрағалық етіп отырған тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

126. Директорлар кеңесі өзінің тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері қатысатын жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

127. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болғанда қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоюға тиіс. Шешімді ресімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне солардың негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса тіркеп жіберілуі тиіс.

128. Отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы отырысты өткізген күннен бастап үш күн ішінде Директорлар кеңесінің іштей өткен отырысында қабылданған шешімдердің хаттаманы жасауы және оған қол қоюы тиіс, хаттамада:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;

- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және өткізілетін жері;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынған мәселелер мен олар бойынша дауыс берудің қорытындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімдері жайлы өзге де мәліметтер болуға тиіс.

129. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Банктің мұрағатында сақталады.

130. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Банк Басқармасының мүшесі болып табылайтын Банк қызметкері, ол Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасымен тағайындалады және Банктің Директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ өз қызметінің аясында акционерлердің Жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарының дайындығы мен өткізілуін бақылайды, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мен Банктің Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қалыптастырады, оларға кіруді қамтамасыз етуді бақылайды. Корпоративтік хатшының құзіреті мен қызметі Банктің ішкі құжаттарында айқындалады.

Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуімен оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) Банктің уәкілетті қызметкерінің қолымен және Банк мөрінің бедерімен куәландырылған хаттама мен шешімдердің үзінді көшірмелерін оған беруге міндетті.

10-тарау. Басқарма

131. Басқарма – Банктің атқарушы органы, Банктің ағымдағы қызметін басқарады. Басқарма Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен басқа органдар мен Банктің басқа лауазымдық тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

132. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Банк оның Басқармасы белгіленген шектеулерді бұза отырып жасасқан мәмілелердің жарамдылығын, егер тараптар мәмілені жасасу сәтінде мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, даулауға құқылы.

133. Басқарма мен Басқарма Төрағасын Директорлар кеңесі сайлайды. Басқарманың сандық, жеке құрамын, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімін Директорлар кеңесі айқындайды. Басқарма мүшелері болып акционерлер және Банктің акционері болып табылмайтын оның қызметкерлері сайлана алады.

134. Басқарма мүшесінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында, осы Жарғыда, Банктің ішкі құжаттарында, сондай-ақ аталған тұлғаның Банкпен жасасқан еңбек шартында айқындалады. Банк атынан Басқарма Төрағасымен жасасқан еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасасқан еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды. Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Банктің Басқарма Төрағасының басқа заңды тұлғаның атқарушы органының немесе жеке өзі атқарушы органның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның басшысы лауазымына орналасуға құқығы жоқ.

135. Басқарманың отырысы Басқарма мүшелерінің біреуінің бастамасымен шақырылады. Басқарма отырыстары қажеттілікке қарай олардың өздері белгілейтін күндері, алайда сирек дегенде тоқсанына бір рет, Басқарма Төрағасының төрағалық етуімен, ол жоқ болған жағдайда оның орынбасарларының біреуімен өткізіледі. Басқарма отырысы қатысып отырған Басқарма мүшелерінің барлығы қол қоятын хаттамамен

ресімделеді. Басқарма шешімдері қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жалпы санының көпшілігінің даусымен қабылданады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

136. Басқарма қызметін реттеу Банктің ішкі нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

137. Басқарма Төрағасы мына өкілеттіктерге ие:

1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) Банк атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банкті таныстыру құқығына сенімхаттар береді;

4) Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, орнын ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады (Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыға қосылатын дербес үстемелердің мөлшерін белгілейді, Банк қызметкерлерінің, Басқарма құрамына кіретін және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, сыйлықақы мөлшерін белгілейді;

5) өзі жоқ болған жағдайда өз міндеттемелерін орындауды тиісті бұйрықпен Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттемелерді, сондай-ақ өкілеттік салаларын бөледі;

7) Банктің ішкі құжаттарын (құрылымын, Банк бөлімшелерінің міндеттері мен қызметін, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын, Банктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және т.б.), Қазақстан Республикасының заңдарымен және Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жатқызылғандарды қоспағанда, айқындайды және бекітеді;

8) Банктің ағымдағы қызметіне қатысты, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау және бақылау мәселелерін бойынша Банктің барлық қызметкерлерімен міндетті түрде орындалуы үшін ұйымдастыру-өкімдік құжаттарды шығарады;

9) осы Жарғыда және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де қызметті жүзеге асырады.

138. Басқарма Төрағасының орынбасары берілген өкілеттіктер шегінде өз құзіретіне қатысты мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы барысында Банк атынан іс-әрекет етуге берілетін сенімхаттарға қол қоюға құқылы.

11- тарау. Акционерлерге Банк қызметі жайлы ақпаратты беру тәртібі мен акционерлердің және Банктің лауазымды тұлғаларының өздерінің аффилирленген тұлғалары жайлы ақпаратты беру тәртібі

139. Банк қызметі жайлы ақпаратты өз акционерлерінің назарына жеткізіп отыруға міндетті. Банк ақпаратты “Казахстанская правда” және “Егемен Қазақстан” газеттерінде жариялайды. Банк қызметі жайлы ақпарат Банкке тиесілі корпоративтік веб-сайтта – Интернет желісіндегі ресми электронды сайтта жариялау арқылы берілуі мүмкін.

140. Банк акционерлерінің мүдделерін қамтитын ақпарат болып осындайларға Қазақстан Республикасының заңдарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жатқызылған ақпарат танылады.

141. Банк акционері қажетті ақпаратты немесе Банктің коммерциялық немесе қызметтік құпиясын құрайтын/құрамайтын материалдарды Банктің ішкі құжаттарына сәйкес алады.

142. Акционерлер мен лауазымды тұлғалар аффилиирленгендік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары жайлы мәліметтерді Банкке аталған мәліметтерді қағазға шығарылған немесе электронды тасымалдаушыда Банк Басқармасы бекіткен нысанда беруге міндетті.

12-тарау. Банктің ішкі аудит қызметі

143. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Банкте Ішкі аудит қызметі құрылады.

144. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

145. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы жайында соның алдында есеп береді.

13-тарау. Банктің құқықтық мәртебесін өзгерту және Банк қызметін тоқтату

146. Банкті ерікті түрде қайта құру (біріктіру, қосылу, бөліну, бөліп тастау, қайта ұйымдастыру) уәкілетті органның рұқсатымен Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

147. Еріксіз түрде қайта құру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

148. Банк:

1) уәкілетті органның рұқсаты бар болған кезде оның акционерлерінің шешімі бойынша (ерікті тарату);

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (еріксіз тарату);

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

149. Банктің қызметін тоқтату, соның ішінде банкроттық негіз бойынша тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

150. Банкті тарату рәсімі мен оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

14-тарау. Жарғыға өзгерістер енгізу

151. Осы Жарғы оның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Банктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен енгізіледі. Осы Жарғыға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, соның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдарда қайта тіркеуді талап ететіндері уәкілетті органмен міндетті түрде алдын ала келісілуге тиіс.

15-тарау. Қорытынды шарттар

152. Акционерлердің арасындағы, сондай-ақ акционерлер мен Банк арасындағы барлық өзара қарым-қатынастар осы Жарғымен, Банктің ішкі құжаттармен және Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

153. Акционерлердің, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің арасындағы Банк қызметіне қатысты келіспеушіліктер, оларды шешу мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

154. Осы Жарғыда көзделмеген барлық басқа жағдайларда Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алады.

Басқарма Төрағасы

М. Ломтадзе